




## Іскерлік белсенділік индексі

2022 Қыркүйек

**Қыркүйекте экономикадағы іскерлік белсенділіктің қалпына келу белгілері байқалды, бірақ бұрынғысынша бесінші ай қатарынан индекс теріс аймақта қалып отыр.**

График 1. Іскерлік белсенділік индексінің (ІБИ) динамикасы\*



\* Көрсеткіш 50-ден жоғары болса оң өзгерісті, төмен болса кері өзгерісті білдіреді. Индекстің мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), 50-ге тең деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді.


**Іскерлік белсенділік индексі тауарлық-материалдық қорлардың ұлғаюы және дайын өнімге сұраныс жоғарылауы есебінен 48,0-ге (тамызда – 47,6) дейін көтерілді.**

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде және құрылыста көрсеткіштің біршама жақсарғаны байқалады: индекс тиісінше 47,5 және 46,3 белгісіне дейін (тамызда 45,1 және 45,6-дан) көтерілді. Қызмет көрсету секторында индекс 48,2-ге дейін (тамызда 48,6-дан) жаңа тапсырыстардың азаюына байланысты аздап төмендеді. Өндірістік секторда көрсеткіш жалпы өзгеріссіз қалып, 48,6 құрады (тамызда – 48,7).

График 2. Қыркүйектегі өңірлер бойынша ІБИ

**Еліміздің 6 өңірінде іскерлік белсенділік жақсарып, 11 өңірінде нашарлады.**


ІБИ негізінен солтүстік өңірлерде 50-ден жоғары болып қалыптасты, индекстің ең жоғарғы мәні Қостанай облысында тіркелді (52,2).



# Бизнес-ахуал индексі

**Бизнес-ахуал индексі қызмет көрсету секторы мен құрылыста көрсеткіштің нашарлауы есесбінен төмендеді. Алайда өндіріс секторында ағымдағы бизнес ахуалдың бағасы жақсарды.**

График 3. Бизнес-ахуал индексінің (БАИ) динамикасы\*



\*Ағымдағы және болашақ бизнес-ахуалды бағалау үшін жауаптар теңгерімі (ЖТ) қолданылады, ол бизнес-ахуалдың өзгерісі жайлы сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Индекстің мәні 0 ден жоғары болса ахуалдың жақсарғанын, төмен болса нашарлағанын білдіреді.

## 2022 жылғы қыркүйек айында БАИ аздап төмендесе де, әлі де өз трендінің маңында.

Кәсіпорындардың бағалауы бойынша дайын өнімге сұраныс айтарлықтай жақсарды. Теріс жауаптардың шамалы басым болуына қарамастан, қаржыға/несиеге қол жетімділікті бағалаудың жақсарғаны байқалды. Бизнес жағдайларының қалған факторларын (бизнесті қорғау мәселелері, салық жүктемесі және инфрақұрылым) бағалауы әлі де теріс қалпында қалып отыр.


## 2022 жылғы қыркүйекте бизнес-цикл «сағатының» көрсеткіші көтерілу аймағында қалды.

Кәсіпорындардың ағымдағы бизнес жағдайларын бағалауы (-)6,2 (тамызда – (-)3,2) болып, теріс күйінде қалды.

Алдағы 6 айдағы болашақ бизнес жағдайларын бағалауы аздап төмендегеніне қарамастан, оң көрсеткіш көрсетті.

\*Бизнес-цикл «сағаты» экономиканың берілген уақытта циклдың қай фазасында болғанын көрсетеді. Оны құру үшін ағымдағы ахуалды (X осі бойынша) және болашақ ахуалды (Y осі бойынша) бағалау бойынша деректер қолданылады.

График 4. Бизнес-цикл «сағаты»



## ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕ

---

<sup>1</sup> Ақпарат нақты сектор мониторингіне қатысушы кәсіпорындардың арасында жүргізілген ай сайынғы сауалнамаларының нәтижелері бойынша дайындалды.

<sup>2</sup> Іскерлік белсенділік индексі жаңа тапсырыстар көлемі, жұмыспен қамту деңгейі, жаңа өнім көлемі, тауарлық-материалдық қорлардың көлемі, жеткізу мерзімдері сияқты кәсіпорындардың көрсеткіштерінің жиынтық өзгерісі ретінде есептеледі.

<sup>3</sup> Іскерлік белсенділік индексі есептеу үшін диффузиялық индекс (ДИ) пайдаланылады, ол әрбір көрсеткіш бойынша оң жауап берген кәсіпорындар үлесінің және өзгеріссіз жауаптардың жартысының үлесінің қосындысы (үлестер салмақтанып есептеледі) ретінде есептеледі. Бұл индекс көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпыланған индикатор болып табылады.

<sup>4</sup> Бизнес-ахуал индексі (БАИ) есептеуде Ifo неміс зерттеу институтының әдістемесіне сәйкес ағымдағы айдағы бизнес-жағдайлардың көрсеткіштері (АЖ) және болашақ 6 айдағы бизнес-жағдайлардың күтілетін өзгерістері (БЖ) бойынша жауаптар теңгерімі (ЖТ) пайдаланылады:

$$\text{БАИ}^* = \sqrt{(\text{ЖТ}(\text{АЖ}) + 200) * (\text{ЖТ}(\text{БЖ}) + 200)} - 200$$

мұндағы, ЖТ – жауаптар теңгерімі

АЖ – ағымдағы экономикалық жағдай

БЖ – болашақтағы экономикалық жағдай

<sup>5</sup> ЖТ (жауаптар теңгерімі) бизнес-шарттардың өзгеруі туралы сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптардың үлестері арасындағы айырма ретінде есептеледі. Кәсіпорындар ұсынылған үш жауаптың біреуін таңдайды: "жақсарды", "өзгерген жоқ" және "нашарлады". Жауаптардың үлестері салмақтана отырып есептеледі.

<sup>6</sup> Ifo зерттеу институты жасаған бизнес-цикл "сағаты" - бұл екі нөлдік сызықтың қиылысуымен төрт квадрантқа бөлінген диаграмма (координаттар жүйесі), олар іскерлік жағдай тұрғысынан экономикалық циклдің төрт кезеңін білдіреді: көтерілу, өсу, төмендеу, құлдырау. Егер ағымдағы жағдайларды бағалау теріс болса, ал күтулер оң болса, экономикасы көтерілу фазасында, егер ағымдағы жағдайларды бағалау және күтулер оң болса, онда экономика өсу фазасында т. с. с.

<sup>7</sup> Диаграммалардағы деректер маусымдық фактордың әсерінен тазартылған (болашақ жағдайларды бағалау мен факторларды бағалаудан басқасы).

<sup>8</sup> Алдыңғы айлардың динамикасында маусымдық тазалауға және ЖҚҚ нақтылауға байланысты өзгерістер болуы мүмкін.

<sup>9</sup> Секторлар бойынша егжей-тегжейлі ақпарат (іріктеме туралы ақпарат, индикаторлар динамикасы, жауаптарды бөлу нәтижелері) дашбордта берілген.